



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына2023 жылғы 19 қазандағы
№ ДС-389

Құрметті депутаттар!

Азық-түлік өнімдерінің бағасына қатысты депутаттық сауалға келесіні хабарлаймыз.

Базаның өсуіне әсер ететін делдалдарға қатысты

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі – ӘМАТ) бағасын қоспағанда, тауарлардың бағасын **ішкі сауда субъектілері өздері айқындайды**.

Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілген соң сауда қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органға ӘМАТ-қа сауда үстемесінің асып кетуі, ӘМАТ-қа шекті сауда үстемесінің мөлшерінен асып кету, шектеулер бөлігінде сауда заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, сауда желілеріне тауарлардың қолжетімділігін шектеу, сауда базарларының қызметін ұйымдастыру, сатып алынған тауарлар бағасынан сыйақы мөлшерінің асып кетуі бөлігінде **мемлекеттік бақылауды жүргізу бойынша құзырет берілді**.

Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасының сауда қызметі туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағына ішкі сауда субъектілеріне, оның ішінде сауда желілері мен базарларға сауда сөрелеріне тең қолжетімділік беру жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде **өзгерістер мен толықтырулар енгізілді**.

Бүгінгі күні сауда саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау шеңберінде **757 әкімшілік хаттама жасалды**.

Анықтама: 2022 жылы ЖАО 310 әкімшілік хаттама жасады.

Электрондық шот-фактуралардың деректері бойынша ӘМАТ өткізілуіне талдау үнемі жүргізіледі. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде (қашықтан) сауда үстемесінің мөлшерін бұзу фактілері, монополияға қарсы

заңнаманың реттеу аясындағы өнімсіз делдалдар, монополистер, салық органдарында тіркелмей ӘМАТ-ты көтерме өткізумен айналысатын тұлғалар анықталуда.

Анықтама: 3154 схема анықталды, оның 391-і бойынша бұзылу қаупі бар.

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жанында делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі **өңірлік комиссиялар** жұмыс істейді, олардың мақсаты өнімсіз делдалдарды анықтау және жою, ӘМАТ өткізу кезінде сауда үстемесі мөлшерінің асыра белгіленуін анықтау болып табылады

Анықтама: жыл басынан бері өңірлік комиссиялардың 1650-ге жуық отырысы өткізілді, онда өнімсіз делдалдардың сауда үстемесінің мөлшерін бұзуы бойынша 993 факт анықталды.

Бүгінгі күні шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге **мораторий** қолданылады, ол аяқтағаннан кейін (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап) делдалдардың артық буындарын анықтау жөніндегі жұмысты күшейту көзделеді.

Өнімсіз делдалдарды жоққа шығару мақсатында, сондай-ақ тауардың өндірушіден сөреге дейінгі қозғалысының ашықтығын қамтамасыз ету үшін **Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі** (бұдан әрі – ТҚҰЖ) пилоттық жобасы іске асырылуда.

ТҚҰЖ бағаны тұрақтандыру бойынша қабылданған шаралардың ашықтығын қамтамасыз етуге, интервенция шеңберінде өткізілген тауарлардың көлемі мен бағасын қадағалап тұруға мүмкіндік береді.

Анықтама: бүгінгі таңда жүйе еліміздің барлық 20 өңірінде ӘМАТ тауарларының 9 түрі (сәбіз, қырыққабат, картоп, пияз, күнбағыс және сары май, ұн, күріш, жұмыртқа) бойынша пилоттық режимде іске асырылуда. 299 пайдаланушы тіркелген (20 ӘКК, 96 бөлшек сатушы, «Азық-түлік корпорациясы» АҚ, 183 өнім жеткізуші). Бірыңғай оператор «Қазақтелеком» АҚ болып табылады.

Сауда саласындағы «көлеңкелі» экономиканың төмендеуіне, оның ішінде делдалдар санының азаюына тікелей әсер ететін **қазіргі заманғы сауда форматтарының үлесін ұлғайту** бойынша жұмыс жүргізілуде. Сауда объектілерін заманауи форматтарға келтіру шеңберінде базарларды жаңғырту, сауда үйлерін, көтерме-тарату орталықтарын салу жүргізілуде.

Кооперативтік дүкендер құруға қатысты

Бүгінгі күні қолданыстағы заңнама шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын **жеке немесе заңды тұлғалардың** кооперативтік дүкен құруларына болады (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 23-бабы).

Ішкі сауда субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында, Сауда және интеграция министрлігіне құзыретті беру пысықталуда, қорытындысы бойынша **шағын сауда форматтарын (кооперативтік дүкендер, үйдің маңындағы дүкендер және басқалар)** қолдаудың тетіктерін әзірлеу бойынша сәйкес шаралар қабылданады.

Депутаттық бастама шеңберіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнесті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Үкімет Аппаратымен Сауда және интеграция министрлігіне жоғарыда аталған құзыретті беру мәселелері бойынша оң қорытынды жасалды (Президент Әкімшілігінде қарастырылуда).

Сонымен қатар, Үкімет бүгінгі күні азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ӘМАТ бағасының күрт ауытқуының алдын алу бойынша жұмыс жүргізуде, Солтүстік Қазақстан облысының сүт-тауар фермаларын, құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын құру жөніндегі тәжірибесіне сәйкес азық-түлік өндірісін дамытуға жәрдемдесуде, бұл нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге және әділ нарықтық бәсекелестік құруға мүмкіндік береді.

Осы мәселелер бойынша жұмыс жүргізілуде және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

С. Жұманғарин

*Орынд. Тұрғалиев А.А.
Тел. 74 53 51*